

19.09.2024 ж. «Қарлығаш» қыздар клубының жоспарлы жиналысы болып өтті.

Қатысқаны: 57

Қатыспағаны: 6

Күн тәртібінде:

1. «Қызғалдақ» қыздар ұйымының жылдық жұмыс жоспарын жасау, бекітуге ұсыну
2. Тазалықшыларды, газет шығарушыларды, оқу секторын сайлау
3. Ағымдағы мәселелер

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша, мектеп психологы А. Абжанова:

Мектебімізде «Қызғалдақ» қыздар клубы жұмыс жасап келеді. Бұл клубты құруымыздың негізгі мақсаты, қыз балаға қоғамның белсенді мүшесі екенін ұғынуға, адал достықты түсінуге, мәдениетке, өткен тарихымызды білуге, отансүйгіштікке тәрбиелеу, мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастыру. Қыз бала алдында қоғамның, елдің, ұлттық болашағы және үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын ұғындыру болып табылады. Бұл клубтын жетекшісі етіп Б.Әскербекова бекітіп отырмыз. Қазіргі таңда «Қызғалдақ» қыздар клубының жоспары талапқа тәрбиесіне қатысты барлық тақырыптар қамтылған. Енді ары қарай осы клуб мүшелерінен тазалықшыларды, газет шығарушыларды, оқу секторларын сайлап алуымыз қажет.

Ағымдағы мәселеге келетін болсақ, ең бірінші тазалық мәселесі дер едім. Сіздер білесіздер, қыз баланың тәрбиесі ұлт тәрбиесі. Сіздер, қыздар, біздің мектебіміздің айнасысыздар. Сіздерге қарап, өздеріңізден кейінгі сінділеріңіз бой түзейді. Сондықтан, құрметті қыздар, ең бірінші жан тазалығын қолға алайық. Әдепсіздіктен арысыздықтан аулақ болайық. Ұлт мақтаншы деген атқа лайық болайық дегім келеді.

**Шығып сөйлеушілер:**

**С.К.Едрес – клуб жетекшісі:**

Маған осындай сенім артып отырғандарыңызға көп рахмет. Сенімдеріңізді ақтайын деп ойлаймын. Енді күн тәртібіндегі екінші мәселеге келетін болсақ, өз тарапынан тазалыққа жауапты етіп, Бегетай Балаусаны ұсынғым келеді. Ал, оқу секторына Муканова Назеркені, газет шығарушыға, яғни редколлегия мүшелері етіп Есқақ Аяулымды ұсынамын.

А.Б.Кельдегулова - клуб мүшесі:

Мен мектебімізде осындай қыздар клубының ашылып жатқанына өте қуаныштымын. Клуб жетекшісіне және клуб мүшелеріне тек қана алға дегім келеді. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқаратыны белгілі. Екінші мәселе бойынша, мен Дәметкен апайдың ұсыныстарына келісемін дегім келеді.

А.Т.Шаинова - клуб мүшесі:

Ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу ананың және барша қауымның міндеті. Халқымыз «Қызға қырық үйден тыю, қала берсе қара күннен тыю» деген мақалға қаншама философиялық ой сыйғызған. Яғни қыз бала тәрбиесіне тек қана анасы ғана жауапты емес, бүкіл ауыл, ру жауапты болып отыр. Қыз баланы құрметтеу, олардың алдында дәрекі сөйлемей, ізетті болу – халқымыздың игі дәстүрлерінің бірі. Сондықтан,

Осы құрылып жатқан клубтың біздерге берер пайдасы шаш етектен дегім келеді. Екінші мәселе бойынша, мен Дәметкен апайдың ұсыныстарына келісемін дегім келеді.

Жиналыс қаулы етеді:

1. «Қызғалдақ» қыздар ұйымының жылдық жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын.
2. Тазалықшы: Бегетай Балауса  
Оқу секторы: Муканова Назерке  
Редколлегияға жауапты: ..... жауапты болып бекітілсін.

Жиналыс төрайымы:  
Жиналыс хатшысы:



А.Абильмажинова  
Д.Амангельдинова